

Электр желілері кәсіпорындарын жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 16 ақпандағы N 41

Алматы облысының және Алматы қаласының энергия көздері мен электр желілері кәсіпорындарын жекешелендіруге байланысты:

1. "Алматыэнерго" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі:

Қазақстан Республикасының Үкіметі кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі жұмыстарды жүргізуге уәкілеттік берген орган ретінде "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамына белгіленген тәртіппен Кәсіпорында тарату жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін барлық қажетті материалдарды берсін;

тарату процестерінің барысына бақылау жасауды жүзеге асырсын;

бір айлық мерзім ішінде Кәсіпорынның энергияның дәстүрлі емес көздерінің құрылысын салудың инвестициялық жобаларын одан әрі іске асыру жөніндегі құқықтық мұрагерін айқындасын.

П р е м ь е р - М и н и с т р